МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ

ҚАРАКИЯ АУДАНЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ

ПРОКУРАТУРА МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ПРОКУРАТУРА КАРАКИЯНСКОГО РАЙОНА

130300, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық кенті, Суеов көшесі, №8
тел.: 8 (72937) 2-14-31, факс: 8 (72937) 2-11-46
www.mng.prokuror.kz

130300, Мангистауская область, Каракиянский район, село Курык, улица Суеова, №8
тел.: 8 (72937) 2-14-31, факс: 8 (72937) 2-11-46
www.mng.prokuror.kz

05.11.2025 № 2-1104-25-00603

Қарақия ауданы
әкімінің орынбасары
С.Т. Төкеновке

ҰСЫНУ

заңдылықты бұзушылықты жою туралы

Аудан прокуратурасымен «Paradise Kazakhstan» ЖШС-нің мемлекеттік сатып алу саласына қатысты жолданымы зерделенді.

Атап айтқанда, 25.10.2025ж. Қарақия ауданының құрылыс бөлімімен №15519473-1 «Автоматтандырылған өрт хабарлау жүйесін толық ауыстыру және жаңа жүйені орнату» бойынша ашық конкурс әдісімен мемлекеттік сатып алу конкурсы жариялады.

Анықтама: Тапсырыс беруші – Маңғыстау облысы білім басқармасы жанындағы «Облыстық сауықтыру мектеп-интернаты» КМК.

28.10.2025ж. электрондық мемлекеттік сатып алу веб-порталында **№15519473-ОК1** хаттамасы жарияланып, конкурс жеңімпазы «Маңғыстаутехносервис» ЖШС болып жарияланған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру, олардың арасындағы адал бәсекелестік және мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы көзделген.

Алайда, мемлекеттік сатып алу конкурстарын зерделеумен бірқатар бұзушылықтар анықталды. Атап айтқанда:

«Маңғыстаутехносервис» ЖШС конкурс өтініміне сәйкес:

- қажетті материалдық және еңбек ресурстарын ұсынбаған және оларды растайтын құжаттары тіркелмеген.

- рұқсаттамалар/хабарламалар туралы мәліметтер бөлімінде «СМР-1», «18011493, 2018-06-08» деректеріне рұқсаттамасы ұсынылмаған және оны растайтын құжаттарды тіркелмеген.

«АқтауПромСервис» ЖШС конкурс өтініміне сәйкес:

- Еңбек ресурстарының біліктілік туралы құжаттар (диплом, сертификат, аттестат көшірмесі) бағанында ұсынылған барлық қызметкерлерге тиісті құжаттар тіркелмеген.

- Өтеуов Жәнібек Абылайұлына берілген №0188 электроқауіпсіздік бойынша III топ куәлігінің мерзімі өткен.

Ұқсас бұзушылықтар, ЖШС-пен ұсынылған А.А.Әбдіразақов, А.Х. Нокадов Е.А. Парахатовтың құжаттарында анықталды.

Документ подготовил: Карленов Бағдат Еркінұлы, 7293703@prokuror.kz
Документ подписал: Аманқұл Сержан Құттымұратұлы, 05.11.2025 15:45:09
ИС «Қадағалау»20171213

Бұдан басқа **«ИЖС Ақтау» ЖШС, «DGD Group Industry» ЖШС, «Brand Home Construction & Training Group» ЖШС, «Корпорация «АВТОДОРСТРОЙ» ЖШС, «Строительно-монтажная индустрия» ЖШС және «Numas»** ЖШС-і бойынша:

Аталған әлеуетті жеткізушілер қажетті материалдық және еңбек ресурстарын ұсынбаған және оларды растайтын құжаттарын тіркемеген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Бұдан одан әрі - қағида) 72-тармағына сәйкес, Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар және құрылыспен байланысты емес жұмыстарды (ағымдағы немесе орташа жөндеу, қалпына келтіру, қолданыстағы объектілерді қайта өңдеу, абаттандыру, дамыту) мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер Қазақстан Республикасының рұқсат беру және рұқсат беру туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) арқылы материалдық және еңбек ресурстарына иелігін растайды.

Алайда аталған сатып алу құрылыс-монтаж жұмыстарына жатпайды.

Дегенмен, төмендегіәлеуетті жеткізушілер өз өтінімдерінде рұқсаттамалар/хабарламалар туралы мәліметтер бөлімінде келесідей лицензияларды көрсетіп, тіркеген:

- «ИЖС Ақтау» ЖШС – III санатты №25014304 құрылыс-монтаж лицензиясы (2025 жылғы 2 мамырда берілген).
- «DGD Group Industry» ЖШС – II санатты (ГСЛ) №09865 құрылыс-монтаж лицензиясы (2023 жылғы 6 ақпанда берілген).
- «Brand Home Construction & Training Group» ЖШС – III санатты №25029689 құрылыс-монтаж лицензиясы (2025 жылғы 19 тамызда берілген).
- «Корпорация «АВТОДОРСТРОЙ» ЖШС – II санатты (ГСЛ) №007685 құрылыс-монтаж лицензиясы (2018 жылғы 5 қазанда берілген).
- «Строительно-монтажная индустрия» ЖШС – II санатты (МҚЛ) №0011343 құрылыс-монтаж лицензиясы (2024 жылғы 9 қазанда берілген).
- «Numas» ЖШС – III санатты №23024498 құрылыс-монтаж лицензиясы (2023 жылғы 11 қарашада берілген).

«ИнтегроСофт» ЖШС конкурстық өтінімінде материалдық ресурстардың «Меншікті (иелік құқығын растайтын құжат) немесе жалға алынған (жалға берушінің құқығын растайтын құжат)» бағанында ұсынылған барлық материалдық ресурстарға қажетті құжаттар көрсетілмеген.

Сонымен қатар, «5 тоннаға дейінгі жүк көтергіштігі бар борттық автомобильдер» материалдық ресурсы ретінде 2025 жылғы 18 сәуірдегі №36/2025 техника жалдау шарты тіркелген.

Шарт бойынша Р.Т. Бегасилов техниканы электронды конкурс №14468862-1 бойынша жұмыстарды орындау үшін уақытша пайдалануға берілген.

Алайда бұл техникалық ресурс конкурс талабына сәйкес келмейді.

Сонымен қатар, «НұрАман» ЖШС еңбек ресурстарының «Біліктілік туралы құжат» бағанында ұсынылған барлық қызметкерлерге қажетті толық құжаттар көрсетілмеген.

Осыған ұқсас, материалдық және еңбек ресурстары бойынша талаптарға сәйкес емес, құжаттарды ұсыну немесе жүктемеу деректері қатысушылар **«СПЕЦПРОФИЛЬСТРОЙ» ЖШС, «Арман-Құрылыс-97» ЖШС, «Бақ-Альянс»**

ЖШС, «GSS» ЖШС, «Multi Proff Service» ЖШС, «Новые технологии-Тараз» ЖШС, «Бел-Каз» ЖШС, «ДауДиД трейд» ЖШС-де анықталды.

Қағиданың 212-тармағына сәйкес, конкурстық құжаттамаға 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес **біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы**, сондай-ақ толық емес ұсынуы, конкурстық құжаттамамен белгіленген сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында **жұмыс тәжірибесінің болмауы**, әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті **материалдық және еңбек ресурстарына** ие болу бөлігінде **біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін** әлеуетті өнім беруші **конкурсқа жіберілмейді.**

Жоғарыдағылардың негізінде, аталған әлеуетті өнім берушілер конкурсқа заңнама талаптарына қайшы жіберілген.

Осыған орай, жоғарыда көрсетілген заң бұзушылықтарды жоюға шұғыл түрде тиісті шаралар қолдану қажет.

Орын алған кемшіліктер бөлімнің осы салаға жауапты қызметкерлері міндеттеріне жауапсыз қарауының салдарынан, сондай-ақ басшылық тарапынан ведомствалық бақылау жүргізілмеуінен орын алған.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабын және «Прокуратура туралы» ҚР Конституциялық Заңының 36-бабын басшылыққа алып,

ҰСЫНАМЫН:

1. Ұсынуды лауазымды адамның қатысуымен қарап, анықталған заңдылықтың бұзылуын жоюды және оларды алдағы уақытта болдырмау мақсатында келесі шараларды қабылдауды:

- заңдылықтың бұзылуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою бағытында тиісті шараларды қабылдауды;
- заңдылықтың бұзылуына жол берген жауапты қызметкерлерді тәртіптік жауаптылыққа тарту мәселесін шешуді;
- алдағы уақытта заңдылықтың бұзылуына жол бермеу мақсатында өз тарапыңыздан қатаң бақылауға алуды.

2. Ұсынуды қараудың уақыты мен орны туралы ұсыну қаралатын күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктермей хабарлауды.

3. Ұсынуды қараудың қорытындысы мен қолданылған шаралардың нәтижесін (дәлелді құжаттарды жалғай отырып) қала прокуратурасына отыз күн ішінде хабарлауды.

4. Ұсыну тиісінше қаралмай, нәтижелері туралы хабардар етпегені және прокурордың заңды талаптары орындалмаған жағдайда, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 664, 666 – баптарымен және Қылмыстық кодекстің 381 – бабында көзделген жауаптылық көзделгені ескертіледі.

Аудан прокуроры **С. Аманқұл**

орынд.: Б.Карленов
Тел.:8701 094 00 09